

*Дарынды балалар
және олармен
жұмыс
ерекшеліктері*

Орындаған: Асылбай Б

Дарынды балалармен жұмыс жүргізу жүйесі

Мақсаты

Жан жақты білімді, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі мол, дені сау, барынша қабілетті, қоғамның сұранысына сай тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері

- Оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру.
- Шәкірттердің шығармашылық жеке дарындылығын дамыту.
- Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Дарынды оқушылармен жұмыс жасаудың педагогикалық ерекшеліктері

Қоғамда, табиғат құбылыстарында ең қызықты да жұмбақтай болып келетін – балалық дарын. Балалық дарынды және оны қалыптастырып, дамытатын да ең алдымен отбасы – ата-ана, қоғамдық орта, сол баланың дарынын анықтап, тәрбиелей білетін тікелей ұстаз, мектеп дер едік. Бала – шәкірт дарынына деген назар, ықылас бүгінгі адам баласы пайдаланатын техникалық құрал жабдықтардың тым жетіле бастаған ғасырында аса биік. Қала берді, бүгінгі қоғамда дарыны асқақ, өнер-білім иесіне деген талғам, сұраныс та ерекше. Шәкіртті сабақта түсініп оқуға бірден-бір қызықтыратын – ұстаз ғана



Дарынды балаларды анықтауда әр оқушының бейімділігін, қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Әрбір оқушы бірізді мұғалімнің назарында болуы, бірізді зерттеуді және барлық мүмкіндікті пайдаланып, педагогикалық, психологиялық диагностика жүргізуді көздейді.




Дарынды балалар қандай – олар әр түрлі, бір – біріне мүлде ұқсамайды. Көпшілікті өзіне іс – әрекетімен, қабілеттілігімен бірден баурап алады.

- Ой – өріс қабілетімен ерте жастан көзге түскен оқушылар, өз қатарластарын басып оза, мұғалімнің ерекше мейірім ықыласына бөленеді. Дарынды балалар ортада өзін емін – еркін ұстай отыра, өздерін басқаның алдында биік ұстай біледі. Балалардың кейбір дарындылығы көбінесе байқала бермейді, оның қабілетін, дарындылығын дамыту – ұстаздың қолында. Ұстаз оқушыға қалай бағыт берсе, ол соған қарай бейімделеді. Балалармен бірге жұмыс істеуді тек ұстазға артып қана қоймай, ата – аналарда бірге жұмыс істеуі керек. Сонда ғана баланың ойлау қабілеті арта түседі. Ата – аналар мен ұстаздарға баланың бейімділігін арттырып, анықтай түсуге келесідей әдістемелер қолданылады:
- - Дарындылық картасы
- - Интеллектуалдық портрет т.б
- Әр бала әр түрлі қабілетімен ерекшеленеді.
- Биге, сурет салуға, әнге, есепке т.б жақын болып келеді.

- Осы орайда баланың дарындалығын ары қарай дамыту мақсатында барлық жағдай жасалуы тиіс. Қосымша:
- - Вокалға апару;
- - Хореограф жалдау т.б
- Дарынды балалармен жұмыс істейтін ұстаздарға қойылатын ең бірінші талап – әділдік. Әділдік болған жерде – оқушының қабілеті ары қарай дами түседі.

Ж. Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие.

«Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін» дейді американдық ғалымдар. Олай болса, жастайынан бойына біткен талантты ары қарай дамыту әр ата-ананың борышы демекпіз. ХХІ ғасыр мектебінің ұстаздары оқушы бойындағы ерекше дарын, қасиеттерін дамыта отырып, бәсекеге қабілетті, еліне елеулі азамат тәрбиелеу.



Шығармашылық
потенциалын зерттейтін
тестілер жүргізу

Шығармашылық
деңгейдегі
тапсырмаларды

Дарынды
оқушылармен
жұмыс

Олимпиадалық
есептер шығару

«Ақбота», «Кенгуру»
интеллектуальдық
сайыстарға қатыстыру

Пәндік математикалық
сайыстарға қатыстыру

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:


- • өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;
- • оқушы дарындылығының моделін білу;
- • қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;
- • дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына көңіл бөлу;
- • дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білу.

Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- ❖ • дарынды оқушыны анықтау әдістемесімен жұмыс жасай алуы;
- ❖ • дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- ❖ • оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- ❖ • дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- ❖ • дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- ❖ • дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы шарт.

Оқушының дарындылығын анықтауда төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданамыз:

- шығармашылық қабілетін анықтау;
- сауалнамалар, психодиагностикалық тренингтерді өткізу;
- баланың отбасы жағдайын зерттеу;
- ата-анасымен әңгімелесу;
- пәндік олимпиадаларға, ғылыми жоба жарыстарына, пікірсайыс ойындарына қатыстыру; т.б.



Дарынды балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдердің алдына қойылатын міндеттер:

- 1. қайырымды әрі әділетті болу;
- 2. дарынды балалар психологиясының ерекшеліктерін білу, олардың қажеттіліктері мен қызығушылығын сезіну;
- 3. ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде болуы тиіс.
- 4. Қызығуы мен шеберлігі болуы тиіс;
- 5. Жан-жақты білімді болғаны абзал;
- 6. Дарынды балаларды оқытуға байланысты түрліше міндеттерді орындауға дайын болуы тиіс;
- 7. Белсенді әрі өте қозғалғыш болғаны жөн;
- 8. Әзілдесуге де икемі болғаны дұрыс (бірақ сарказм емес);
- 9. икемді, әрі өзін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс;
- 10. шығармашылық, мүмкін болса, жеке дүниетанымы дәстүрлі емес болғаны дұрыс;
- 11. денсаулығы жақсы, балалармен жұмыс істеуге арнайы жоғары білімнен соңғы дайындығы болуы керек және әрі қарай арнайы білім алуға дайын болуы тиіс.

Оқушының танымдық қабілеттері мен дағдылары

- ✓ үлкен ақпарат көлемін меңгеруі
- ✓ сөздік қорының бай болуы.
- ✓ себеп-салдарлы байланыстарды анықтау.
- ✓ жасырын тәуелділіктер мен байланыстарды табуы.
- ✓ қорытындыларды жасай білуі.
- ✓ күрделі проблемаларды шешуге қатысуы.
- ✓ ақпаратты ұйымдастыруы.
- ✓ көзге көрінбейтін айырмашылықтарды байқай білу шеберлігі.
- ✓ ситуацияларды талдай білуі.
- ✓ процестің өзі сияқты нәтижені де бағалай білу шеберлігі.
- ✓ болжам құра білуі
- ✓ идеяларды практикада қолдана білуі.
- ✓ ойлаудағы сыншылдығы
- ✓ жоғары дәрежедегі білімге құмарлығы.



Шығармашылық қабілеттері

- ❑ қатерге қабілеттілігі
- ❑ дивергентті ойлауы
- ❑ ойлау мен іс-әрекеттегі икемділігі
- ❑ ойлау тездігі
- ❑ ерекше идеялар айта білуі, жаңа нәрсе ойлап табуы
- ❑ қиялға бай
- ❑ жоғары эстетикалық құндылықтары
- ❑ дамыған интуициясы



Эмоционалды ерекшеліктері.

- реалистік мен — тұжырымдамасы
- өзгелерге сыйластығы
- адамдарға эмпатиялық қарым-қатынасы
- өзге адамдар ерекшеліктеріне шыдамдылығы
- өзін талдауға бейімділігі
- сынға шыдамды көзқарасы
- тапсырманы орындаудағы табандылығы
- жарысқұмарлығы
- ойлаудағы тәуелсіздігі
- әзіл сезімі
- өз күші мен қабілетіне сенімділігі
- ішкі мотивациясы.

